«Бекітемін»
Қыналы НОББМ директоры
__________ Ж.К. Калиева
«___»________2022ж

«Тексерілді»
Директордың тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары ____________ Ж.А. Отарбаева
«02» қыркүйек 2022ж

# 3 сыныбының 2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие жоспарының жылдық жоспары

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығымен (15-қосымша) бекітілген тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сүйеніп жасалған ( өзгертулер мен толықтырулар 2021 жылғы 16 қыркүйектегі № 472 бұйрығы)

Сынып жетекшісі: Жапакова Ж.С

## I. МАҚСАТЫ

Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарланған, функционалдық сауаттылық дағдылары бар және оны қоршаған болмыста бәсекеге қабілетті бола алатын білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуы үшін қолайлы білім беру ортасын құру.

## II. МІНДЕТТЕРІ

- Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат пен патриоттың қалыптасуына, тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға, балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету;
- Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның Қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету;
- Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету;
- Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету;
- Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі іске асыруына саналы қарым-қатынас қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту, сондай-ақ коэволюция идеяларын қабылдау қабілетіне және оны күнделікті өмірде басшылыққа алуына ықпал ету;
- Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету;
- Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату;

## III. НӘТИЖЕ

Тәрбиелік шаралар арқылы оқушылар өздерінің қоғамдағы орнын табуға талпыныс жасайды, өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарап, оларды тиянақты орындайтын дәрежеге жетеді. Халқымыздың салт-дәстүрі мен мәдениетін қастерлеп ұстауды үйренеді. Мектепте басқа да әлеуметтік ортада оқушылардың өзін әдепті ұстауға, жан-жақты дамытуға тырысу, өзгеріп жатқан өмірге икемделу сияқты қасиеттерді бойына сіңіруге саналы түрде бет бұрыс жасайды.

**2022-2023 оқу жылына арналған мектептің тәрбие қызметінің басым бағыттары:**

1. Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.
2. Рухани-адамгершілік тәрбие.
3. Ұлттық тәрбие.
4. Отбасылық тәрбие.
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.
7. Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

## Тәрбиенің басым бағыттары бойынша іс-шаралар

| № | Тәрбие жұмысының атауы | Аяқтау нысаны | Жауаптылар | Орындау мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| **1. Бағыты: қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие<br>Мақсаты: балалар мен жастардың патриоттық сана-сезімі мен өзіндік сана-сезімін қалыптастыру, Қазақстан Республикасының Конституциясына, мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауды тәрбиелеу, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, олардың құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарас.** | | | | |
| 1 | **Білім күні**<br>«Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық" | Анықтама, Әлеуметтік желіге жариялау | Сынып жетекші | |
| 2 | **Дінмұхамед Қонаевтың 110 жылдығына орай «Мақтан тұтар ұлы тұлға»** | Анықтама, Әлеуметтік желіге жариялау | Сынып жетекші | |
| 3 | «Ұстазым- ұлағатым, үлгі- өнегем» | Анықтама, Әлеуметтік желіге жариялау | Сынып жетекші | |
| 4 | «Тіл мерейі – ел мерейі» | Анықтама | Сынып жетекші | |
| 5 | «Зорлық–зомбылықсыз балалық шақ!» | Анықтама | Сынып жетекші | |
| 6 | «Теңге- мемлекет келбеті» | Әлеуметтік желіге жариялау | Сынып жетекші | |
| 7 | «Тұғырым биік тәуелсіздік» | Анықтама, Әлеуметтік желіге жариялау | Сынып жетекші | |
| 8 | «Елін қорғау – ерге серт» | Анықтама, Әлеуметтік желіге жариялау | Сынып жетекші | |
| 9 | «Ұлы жеңіске мәңгілік тағзым» | Анықтама, Әлеуметтік желіге жариялау | Сынып жетекші | |
| **2. Бағыты: рухани-адамгершілік тәрбие<br>Мақсаты: жеке тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның адамгершілік қасиеттері мен көзқарастарын қайта құру туралы қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарына, нормалары мен дәстүрлеріне сәйкес келетін "Рухани жағырудың" құндылық негіздері туралы терең түсінік қалыптастыру; "Өзін-өзі тану" негізінде рухани-адамгершілік тәрбие беру.** | | | | |
| 10 | Ақын, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері **А.Байтұрсыновтың 150 жылдығына орай іс-шара** | Анықтама, Әлеуметтік желіге жариялау | Сынып жетекші | |
| 11 | «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» | Кеңес | Сынып жетекші | |
| 12 | «Алғысым шексіз, бәріне!» | Әлеуметтік желіге | Сынып жетекші | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **3. Бағыты: ұлттық тәрбие**<br>**Мақсаты: жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, мемлекеттік тілге, Қазақстан халқының мәдениетіне құрмет көрсетуге бағыттау.** | | | | |
| 13 | **Қазыбек бидің 355 жылдығына орай «Бабадан қалған асыл сөз»** | Анықтама, әлеуметтік желіге жариялау | Сынып жетекші | |
| 14 | **Мұхтар Әуезовтің 125 жылдығына орай «Әлем таныған Әуезов»** | Анықтама, әлеуметтік желіге жариялау | Сынып жетекші | |
| 15 | «Қарттарым аман сау жүрші» | Анықтама | Сынып жетекші | |
| 16 | «Өз жеріңді таны» тақырыбында музейлерге бару | Фотоесеп | Сынып жетекші | |
| 17 | «Ұлы күні ұлыстың, басы болсын ырыстың» | Анықтама, әлеуметтік желіге жариялау | Сынып жетекші | |
| **4. Бағыты: Отбасылық тәрбие**<br>**Мақсаты: неке және отбасы мүшелерін құрметтеу құндылықтарын тәрбиелеу; отбасылық культ; толыққанды отбасын құру үшін денсаулық құндылықтары; отбасы мен достарына деген адалдық; отбасылық дәстүрлер; жәдігерлер мен әдет-ғұрыптарды құрметтеу; ана болудың қасиеттілігі; сезім құндылықтары - сүйіспеншілік, адалдық, достық, ата-аналарды тәрбиелеу, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігі мен балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру.** | | | | |
| 18 | **«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Мен оқыған ертегі» өздерінің оқыған ертегілеріне буклет жасау** | Әлеуметтік желіге жариялау | Сынып жетекші | |
| 19 | «Менің әкем ең жақсы адам» | Анықтама | Сынып жетекші | |
| 20 | «Әлем бесігін тербеткен жан АНА» мерекелік кеш | Анықтама, әлеуметтік желіге жариялау | Сынып жетекші | |
| 21 | «Отбасы – бақыт мекенім» | Фотокөрме, Әлеуметтік желіге жариялау | Сынып жетекші | |
| **5. Бағыты: Еңбек, экономикалық және экологиялықтәрбие**<br>**Мақсаты: кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы қатынасты қалыптастыру, жеке тұлғаның экономикалық ойлауы мен экологиялық мәдениетін дамыту, қайталанбас құндылық ретінде табиғатты сүю; кіші Отан ретінде туған табиғатқа деген сүйіспеншілік.** | | | | |
| 22 | «Еңбектің – түбі береке» | фотокөрме | Сынып жетекші | |
| 23 | Табиғаттан нәр алып | Анықтама, әлеуметтік желіге жариялау | Сынып жетекші | |
| 24 | «Еңбек – қуаныш, жалқаулық - азап» | Анықтама | Сынып жетекші | |
| **6. Бағыты: Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу**<br>**Мақсаты: әр адамның интеллектуалдық мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетті, соның ішінде балалардың кибер мәдениеті мен кибер гигиенасын дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық** | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **кеңістікті қалыптастыру.** | | | | |
| 25 | **Қазақстанның Мемлекеттік рәміздерінің 30 жылдығына орай «Тәуелсіз еліміздің рәміздері»** | Анықтама, әлеуметтік желіге жариялау | Сынып жетекші | |
| 26 | «Менің мектептегі бір күнім» | Анықтама | Сынып жетекші | |
| 27 | «Интернетсіз бір күнім» | Анықтама | Сынып жетекші | |
| 28 | «Абайды оқы, таңырқа...» | Анықтама, мәнерлеп оқу | Сынып жетекші | |
| 29 | «Жол қауіпсіздігін сақтаймыз» | Сынып сағаты | Сынып жетекші | |
| **7. Бағыты: көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие**<br>**Мақсаты: Жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа эстетикалық объектілерді қабылдауға, меңгеруге, бағалауға дайындығын дамыту, оның ішінде "Ұшқыр ой алаңы" мектеп оқушыларының дебаттық қозғалысы" жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру арқылы білім беру ұйымдарында полимәдени орта құру, эстетикалық талғам мен сезімнің эстетикалық санасын, халықтардың ұлттық мәдениеттері құндылықтарына көркемдік-эстетикалық сезімталдықты қалыптастыру.** | | | | |
| 30 | Роза Бағланованың 100 жылдығы | Анықтама, әлеуметтік желіге жариялау | Сынып жетекші | |
| 31 | «Өмірдің күзі жылы болсын» | Көрме | Сынып жетекші | |
| 32 | «Адам бойындағы асыл қасиеттер» | Анықтама, әлеуметтік желіге жариялау | Сынып жетекші | |
| 33 | «Жаңа жыл – жаңа жыр» | Анықтама | Сынып жетекші | |
| **8. Бағыты: дене тәрбиесі, салауатты өмір салты**<br>**Мақсаты: салауатты өмір салтының, дене шынықтыру мен спорттың, дене шынықтырудың құндылығын, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау құндылығын қалыптастыру.** | | | | |
| 34 | « Дені саудың жаны сау» | Сынып сағаты | Сынып жетекші | |
| 35 | «Тазалық-денсаулық кепілі» | Маман кеңесі | Сынып жетекші | |
| 36 | «Жат әдеттен сақтан» | Буклеттер | Сынып жетекші | |
| **Басқа бағыттар** | | | | |